

## **ЗАҢ КҮШІ БАР "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 2691.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес қаулы етемін:

I. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 5-баптағы "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, республика Министрлер Кабинеті" сөздері "Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі" сөздерімен алмастырылсын.

2. 7-баптағы "Министрлер Кабинетінің" сөздері "Үкіметінің" сөзімен алмастырылсын.

3. 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша және жергілікті өкілді және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып:

1) облыстар мен аудандарды құрады және таратады, олардың әкімшілік орталықтарын белгілейді және көшіреді;

2) республикалық маңызы бар облыстар мен қалалардың шекараларын белгілейді және өзгертеді;

3) елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың санаттарына жатқызады, олардың бағыныстылығын белгілейді және өзгертеді;

4) облыстарға, аудандар мен қалаларға ат қою және олардың атын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту мәселелерін шешеді".

4. 10-баптағы "Жоғарғы Кеңесіне" сөздері "Президентіне", "Министрлер Кабинетінің", "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинеті" сөздері тиісінше "Үкіметінің", "Үкіметі", "Үкіметі" сөздерімен алмастырылсын.

5. 11-баптағы "Министрлер Кабинетіне", "Министрлер Кабинетімен", "Министрлер Кабинеті" сөздері тиісінше "Үкіметіне", "Үкіметімен", "Үкіметі" сөздерімен алмастырылсын.

6. 13-баптағы "Министрлер Кабинетіне" сөздері "Үкіметіне" сөзімен алмастырылсын.

7. 14-баптағы "поселкелік, селолық әкімнің", "Поселкелік, селолық әкім" сөздері "поселке, село әкімінің", "Поселке, село әкімі" сөздерімен алмастырылсын.

8. 15-бапта:

1) тармақшадағы "Жоғарғы Кеңесінің қаулысы" сөздері "Президентінің шешімі" сөздерімен алмастырылсын;

2) тармақшадағы "Министрлер Кабинетінің" сөздері "Үкіметінің" сөзімен алмастырылсын;

3) тармақшадағы "поселкелік, селолық әкімдердің" сөздері "поселкелер, селолар әкімдерінің" сөздерімен алмастырылсын;

4) тармақшадағы "Министрлер Кабинетінің" сөздері "Үкіметтің" сөзімен алмастырылсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті